# "Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі туралы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының есептілігі туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 1 маусымдағы N 183-НҚ бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 76-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4147. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 шілдедегі N 174-НҚ бұйрығымен

*Ескерту: Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 шілдедегі N 174-НҚ бұйрығымен ("Заң газеті" газетінде 2006 жыл 28 шілде N 139(945) жарияланған).*

*Бұйрықтан үзінді:*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Мыналардың:*

*1) ...*

*2) "Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі туралы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының есептілігі туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 1 маусымдағы N 183-НҚ бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 76-НҚ бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4147 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2006 жылғы 21 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.*

*....*

*4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Т ө р а ғ а*

---

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі туралы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының есептілігі туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 1 маусымдағы N 183-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3724 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2005 жылғы 10 желтоқсанда жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

сегізінші абзацтағы "қамтитын есептілік нысаны бекітілсін." деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"осы бұйрыққа берілген 11-қосымшаға сәйкес талап арыз жұмысы жөніндегі ақпаратты қамтитын есептілік нысаны бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа берілген 1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-жолмен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "10. | Талап арыз жұмысы жөніндегі ақпарат (осы бұйрықтың 11-қосымшасы) | тоқсан сайын (келесі есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 5-нен кеш емес) | Уәкілетті орган"; |

көрсетілген бұйрыққа берілген 10-қосымша осы бұйрыққа берілген 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа берілген 2-қосымшаға сәйкес редакцияда 11-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (О.Е.Есіркепов):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Н.Ш.Алдабергеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу агенттігі төрағасының
2006 жылғы 17 наурыздағы
N 76-НҚ бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының 2005 жылғы
1 шілдедегі N 183-НҚ
бұйрығына 10-қосымша

**Табиғи монополиялар туралы заңнаманың бұзылуы туралы мәлімет**

| р/с N | Табиғи монополия субъектісінің атауы | ӘҚтК және табиғи монополиялар туралы заңнаманың нормалары бойынша саралау | Ден қою бойынша шығарылған акті (түрі, атауы, күні, нөмірі) | Ден қою актінің орындалуы туралы мәліметтер | Айыппұл мөлшері (күні, айыппұл салу туралы қаулының немесе сот шешімінің нөмірі) | Заңсыз алынған табыстың мөлшері (егер ондай болған жағдайда) | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу агенттігі төрағасының
2006 жылғы 17 наурыздағы
N 76-НҚ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 1 шілдедегі N 183-НҚ бұйрығына 11-қосымша

**Талап арыз жұмысы ақпарат**

| р/с N | Талапкер | Жауапкер | Талап қою бойынша іс жүргізу мәні | Сот ісін қарау нәтижесі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК